

# АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДІНИ КОНВЕРСИЯ ФЕНОМЕНИ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Қ. Қалиев

## АҢДАТПА

Қазақ қоғамы орыс патшалығы кезінде орыстандыру және шоқындыру саясатында, Кеңес үкіметі кезінде дінсіздендіру саясатында болса, тәуелсіздіктен кейін діни жандану сияқты діни әлеуметтік өзгерістерді бастан өткеріп келеді. Ислам дінінің жандануымен қоса христиан ағымдарының да миссионерлік жұмыстары қоғамда белең ала бастады. Әрине қоғамдағы бұндай діни әлеуметтік өзгерістер адамдардың діни конверсия (conversion) жасауына жол ашты. Яғни дінін ауыстырған адамдар қазақ қоғамында көріне бастады. Бұл мақала діни конверсияға әлеуметтанулық зерттеу жүргізіледі. Зерттеуге Қазақстан азаматтығы бар дінін ауыстырған 25 респондентіміз қатысты. Бақылау, сұхбат, анализ сияқты әлеуметтік зерттеу әдістері қолданылған.

**Түйін сөздер:** діни конверсия, қазақ қоғамы, дін әлеуметтануы, әлеуметтік өзгеріс, миссионерлік.

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университеті, Астана,  
Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Қ.Қалиев, kashonti@mail.ru

*Мақаланың сілтемесі:*  
Қалиев Қ. Астана  
қаласындағы діни  
конверсия феномені:  
әлеуметтанулық талдау //  
Адам әлемі. – 2023. – №1  
(95). – Б. 173-178.

## Феномен религиозной конверсии в Астане: социологический анализ

**Аннотация.** Казахское общество претерпело процесс русификации и крещения во времена Российской империи, политику секуляризации при советском правительстве и религиозные и социальные изменения после обретения независимости, такие как религиозное возрождение. Вместе с возрождением ислама в обществе стала набирать силу миссионерская деятельность христианских конфессий. Конечно, такие религиозные и социальные изменения в обществе позволили людям совершать религиозные обращения. То есть в казахском обществе стали появляться люди, сменившие религию. В данной статье проводится социологическое исследование религиозной конверсии. В исследовании приняли участие 25 респондентов с казахстанским гражданством. Использовались такие методы социологического исследования, как наблюдение, интервью, анализ.

**Ключевые слова:** религиозная конверсия, казахское общество, социология религии, социальные изменения, миссионерство.

## The Phenomenon of Religious Conversion in Astana: A Sociological Analysis

**Abstract.** Kazakh society underwent a process of russification and christening during the Russian Empire, a policy of secularization under the Soviet government, and religious and social changes after independence, such as a religious revival. With the revival of Islam in society, missionary activity by Christian denominations also began to gain strength. These religious and social changes in society naturally allowed people to convert. That is, there were more and more people in Kazakh society who changed their religion. In this article, a sociological study is conducted on people who adopted religion, and they are analyzed from the perspective of the sociology of religion. Twenty-five respondents with Kazakh citizenship participated in the study. Methods of sociological research such as observation, interviewing and analysis were used.

**Key words:** Religious Conversion, Kazakhstani Society, Sociology of Religion, Social Change, Missionary Work.

### **Кіріспе**

Дін ауыстыру, дінге бет бұру, басқа дінге өту ғылыми тілде «діни конверсия» ұғымымен белгіленеді. Бұл ұғым ағылшын тіліндегі «conversion» ұғымынан ағни ауысу деген сөзден шығады. Өте кең мағынада қолданылатын бұл ұғым дінсіз болып, діндар болғандарды немесе діндар болып атеист болғандар үшін де қолданылады. Жалпы адамның дінге қатысты көзқарасы мен өмірінің өзгеруін айтамыз. Жаһандану дәуірінде бір мемлекеттен екінші мемлекетке бару, сол жақта жұмыс жасап өмір сүру немесе білім алу сияқты үрдістер басқа діндермен жақын танысуға мүмкіндіктер береді. Осы мүмкіндіктердің арқасында басқа дінге бет бұрушылар қоғамда көріне бастады. Басқа дінге өтушілерді де діни конверсия ұғымымен қарастырамыз. Сол себепті қазір мұсылман болған христиандар немесе христиан болған мұсылмандар осы тақырыптың ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселе қазақ қоғамында да көріне бастағандықтан, зерттеу нысанымыз ретінде әлеуметтанулық әдістерді қолдана отырып зерттеген болатынбыз. Діни конверсия жасаған қазақтардан жинақталған мәліметтерге әлеуметтанулық талдау жасалды.

### **Әдіснамасы**

Аталмыш мақалада «Діни конверсия» тақырыбындағы шетел әдебиеттерінен алынған теориялар мен зерттеулер көрсетіліп, практикалық бөлімінде жинақталған мәліметтерге дінтанулық және дін әлеуметтануы тұрғысынан талдау жасалады. Зерттеу барысында шіркеулерде бақылау жүргізіліп, алынған мәліметтерге анализ жасалды. Яғни бақылау және анализ жасау әдістер қолданылады. Сондай-ақ бұл тақырыпта сапалық әдіс арқылы жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері көрсетіледі. Дін ауыстырғандардан тереңдетілген сұхбат алынып, нәтижелері талданды.

### **Негізгі бөлім**

Діни конверсия тақырыбындағы алғашқы зерттеулер Америка мен Европа елдерінде 1900 жылдары бастау алған еді. Христиан дінінің ішіндегі ағымдардың арасында дін ауыстырғандарды зерттеген. Мысалы Католик бағытынан Протестант ағымына өткендерді негізгі зерттеу нысанына алып зерттеген болатын. Бұл тақырыптағы зерттеулер ең алғаш психологтар тарапынан зерттелген. Бұл зерттеулер Зигмунд Фрейдтің «Діни тәжірибе» (Religious Experience) еңбегінен сүйенген психоаналитикалық бағыттағы зерттеулер еді [1, 25 б.]. Психологиялық тұрғыдан конверсияны «Адам психикасының бір бөлігінің ыдырауы және оның орнына басқасының келуі, тұлғаның өзгеруі, тұлғаның қайта қалыптасуы» деп анықтама берген болатын [2, 160 б.]. Одан кейін жаңа діни ағымдардың шығуымен діни конверсияға ұшыраған адамдар саны тым көбейе бастады. Тіпті Американдықтардың көпшілігі өмірінде ең аз бір-екі рет дін ауыстырады. Тек психологтардың зерттеуі жеткіліксіз болды. 1960 жылдардан кейін жаңа діни ағымдардың Батыс әлемінде жаппай таралуы бұл тақырыпты одан әрі өзекті етіп, әлеуметтанушылардың осы тақырыпты зерттеуіне әкеп соқтырды. Әлеуметтанушылардың әдістері мен зерттеулері сапалырақ болды.

Льюис Р. Рэмбо (1993, 1999, 2010, 2012) жиырма жылға жуық адамдардың дінге келуі немесе діни конверсия жасауы туралы зерттеулер жүргізіп келе жатырған ғалым. Бұл ғалым діни конверсия жасауға себеп болған бірнеше теорияларды шығарған болатын. Солардың бірі «Жаһандану» және «Постколониялық» теория. Жаһандану заманында бұрыңғыдай емес дін таратушы миссионерлер бір мемлекетте ғана емес қаншама мемлекетте аралап өмір сүре береді және интернет

арқылы да басқа діндермен танысу мүмкіндіктері өте жоғары деңгейге жетті. Сондықтан осы жаһандану заманында бұрыңғыға қарағанда дін ауыстыру үшін мүмкіндіктердің көп екенін және дін ауыстырғандардың санының көбейіп келе жатқандығын айтады [3, 6 б.]. Постколониалдық теория болса, Африка, Латын Америка және Азиялық мемлекеттердің колонияда болған кезде күшпен діни конверсия тәжірибесін бастан өткергендігі туралы теория. Бұл теория осы күнге дейін өзекті болып отырғандығын айта кеткен жөн. Себебі кейбір мемлекеттер әлі күнге дейін отарлау саясаттарын ақпараттық немесе саяси тұрғыдан өз әсерлерін тигізіп отыр.

Қазақстанда бұл тақырып (Діни конверсия немесе дін ауыстырғандар) туралы ауыз толтырып айтатындай зерттеулер өкінішке орай жоқтың қасы. Психологиялық, әлеуметтік немесе дінтанулық болсын зерттеулер әлі күнге дейін жасалмаған. Тіпті Орта Азия бойынша да сапалы зерттеулер табу қиын. Сондықтан Қазақстандағы діни конверсия феноменін әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеу өзекті болып табылады.

Респонденттеріміздің барлығы Қазақстан Республикасының азаматы және Қазақстанның басқа аймақтарында туып-өскен, қазір Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары. Зерттеуге христиан дінін қабылдаған 25 респондент қатысты. Олардың 60% әйел және 40% ер адамдар.

Адамның туып-өскен жері, ортасы өте маңызды. Себебі басқа дін ұстанушылармен бір ортада өмір сүрмесе дін ауыстыруы өте қиын. Адамдардың дін ауыстырулары үшін ол өмір сүріп жатқан мекенде басқа дін ұстанушылардың болуы шарт. Сондықтан респонденттеріміздің христиандардың тұратын аймағында туылып өсті ме? Әлде басқа жерге көшіп келгесін христиан дінін қабылдады ма деген сұрақтарды білу үшін олардың туып өскен аймақтары маңызды.

Респонденттеріміздің 44% Солтүстік Қазақстан аймағында туған. 32% Оңтүстік Қазақстанда туылған азаматтар. 12%

Шығыс Қазақстан тумасы болса, 8% Батыс Қазақстанда туғандар. Діни конверсия жасағандардың Солтүстік Қазақстан аймағында көп болуының себебі географиялық тұрғыдан Астанаға жақын әрі христиан дінін ұстанушылардың басым көпшілігі тұратын (орыс ұлты) аймақ болуы да өз әсерін тигізбей қоймайды. Көрші аймақтардың бір-біріне әсер етуі «әлеуметтік әсер» теориясын еске түсіреді. Жақын аймақтар тек географиялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ мәдени және рухани тұрғыдан да бір-бірімен жиі қарым қатынаста болатындығы анық. Сондықтан бұл аймақтардың халықтарының діндері де бір-біріне әсер ету мүмкіндігі жоғары екендігін айта кеткен жөн.

Адамның туған жері мен өскен ортасы яғни қоғамы діни конверсия тақырыбында өте өзекті. Себебі христиан дінін ұстанушылар кездеспейтін қоғамда ол дінге өту де мүмкін емес. Ол дінмен жақынырақ танысу мүмкіндігі де аз болады. Діни конверсия жасау үшін ол қоғамда сол дінді ұстанатын адамдардың болуы шарт. Діни плюрализм бар қоғамда діни конверсия феномені жиі кездеседі. Мысалы 40-қа жуық шіркеуі бар Нұр-Сұлтан қаласында діни конверсия құбылысы шіркеуі аз Маңғыстау, Қызылорда облыстарына қарағанда көптеп кездесетіні анық. Аймақтарға бақылау жасағанымызда шіркеу болмаған ауылдарда дін ауыстырғандар кездеспейтіні анықталды. Көбіне дін ауыстырғандар христиандардың көп шоғырланған қалалық аймақтарда кездеседі. Ауылдағылар қалалар келгеннен кейін дін ауыстырып жатады. Бұл дегеніміз дін ауыстыру феномені ауылдарға қарағанда қалада көптеп кездеседі деген сөз. Сондықтан христиандардың көп шоғырланған аймағында адамдардың туып-өсуі де маңызды факторлардың бірі.

Шіркеуде жүргізген бақылауларымыз бойынша діни конверсия жасаушылардың 22-35 жас аралығындағы қазақ жастарының көп екені анықталды. Діндарлық тақырыбындағы зерттеулерге сүйенетін

болсақ, Қазақ қоғамында діндарлардың көбі жастар. Себебі үлкен кісілердің көбі кеңестік дәуірде тәрбиеленгендіктен дінге аса қатты жақын емес. Сондай-ақ миссионерлердің көпшілігі кәрілерге емес, жастарға көп көңіл бөлетіндігі анық. 22-40 жас аралығындағы жастардың дінге келуіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі бұл жас аралығында неке, ажырасу, жесір қалу, ата-анасынан айырылу сияқты әлеуметтік статустарының өзгеруі де әсер етеді.

Біздің зерттеуге қатысқан респонденттеріміздің мамандықтары мен жұмыс орындары туралы сұрағанымызда: «жеке компанияларда» жұмыс істейтіндер 48% құрайды. Бұл компанияларда жұмыс жасайтындар көбіне христиан қауымдарына тиесілі компанияларда немесе жеке адамдарға тиесілі компанияларда жұмыс істейді. Жұмыссыздар саны 16%. Тіпті респонденттеріміздің 1-і шіркеу пасторы болып жұмыс істейді. 12% мұғалімдік қызмет атқарса, мемлекеттік қызметшілер 12% және 12% өздеріне тиесілі шіркеуде шаруашылық қызметтерінде жұмыс істейді.

Дін ауыстырған қазақтардың қаржылық жағы туралы қарастыратын болсақ, төменгі тап – 52%, орта тап – 20%, жоғарғы тап – 16%, жауапсыз қалғандар – 12%. Шіркеуде жүргізген сұхбаттарымыз бен бақылауларымызға қарағанда, Орыс православтық шіркеуге мүше болған қазақтардың қаржылық жағдайы жақсырақ сияқты. Ал, протестанттық шіркеуде жалақысы жоқ қызметкерлер мен кедей адамдар да кездесті. Тіпті протестанттардың бірі оның сыртта біраз уақыт қайыршы ретінде өмір сүргенін де айтып қалды. Дін ауыстырғандардың жартысынан көбінің әлеуметтік жағдайының төмен екендігі анықталды. Бұл бізге «жоқшылық теориясын» еске түсіреді. Жоқшылықта өскен адамдарда кездесетін дағдарыстар мен стресс сияқты қиындыққа тап болатынын ескерсек, бұл кісілерге осындай қиындықтардан құтылудың жолы ретінде шіркеуді таңдауы мүмкін.

Зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі болған тақырып ол қазақтардың дін ауыстыруына себеп болған негізгі факторларды әлеуметтануылық әдістер арқылы зерттеу және талдау болатын. Зерттеу барысында қойған гипотезаларымыз бойынша дін ауыстырғандардың басым бөлігі өмірінде қиындықтар мен травма алғандар және өз діндері туралы мүлдем хабары болмағандар болатын. Осы мақсатта діни конверсия жасаған қазақтардың ислам діні туралы қаншалықты хабары бар екен деген сұраққа 76% мүлдем хабары болмағаны туралы айтса, 24% өте аз білгендігін айтқан болатын. Балалық шағында да ата-аналары ешқандай ислам дініне қатысты дәстүр немесе басқа да мерекелердің үйде аталып өтпегендігін айтуда. Бұл дегеніміз дін ауыстыруларына бірден бір себеп өз діндері туралы ешқандай білімнің болмауы. Христиан миссионерлерінің де дін туралы еш хабары жоқ адамдарды өз қатарына тартуы, бос ыдысты толтырудың оңай болғаны сияқты. Егер діннен хабарлары болатын болса, миссионерлердің бұншалықты оңай өз қатарларына көндіре алмас еді.

Адам өмірінде болатын қиындықтар мен травмалар адамды түңілтіп, одан шығудың жолдарын іздеуге әкеп соқтырады. Өмірдің мәнін іздеуге кіріседі. Зерттеуімізге қатысқан респонденттеріміздің 76% жуығы осы өмірден қиындық көргендер. Әсіресе балалық шығы мен жастық шағы 90-шы жылдардағы қиын уақытқа келген кісілер. 35% ата-аналары ажырасып, толық отбасында тәрбиеленбегендер. Бұл да өз кезегінде адамдардың толық жетіліп дамуына кедергі жасайтын процестер. Өмірлерінде бастан өткерген қиындықтары туралы бөліскен респонденттеріміздің сөздері:

Арман мырза: *Кеңес үкіметі құлағаннан кейін жұмыссыз қалдым. Қалада жұмыс табу мүмкін болмай кетті. Ақшам да бітті, тіпті тамақ табу қиын болды. Содан ішкілікке салындым. Үйдегі заттарды ішімдікке*

*салып үйсіз-күйсіз қалдым. Далада ішін, қоқыс қарайтын күйге жеттім. Мені шіркеу әкесі келіп құтқармайынша далада түнеп жүрдім.*

*Алтын ханым: Мен өмірлік серігіммен жолым болмады. Ажырастым. Одан кейін тағы алдандым. Тағы ажырастым. Үш мәрте күйеуге шықтым. Үшеуінде де жолым болмады. 5 мәрте оборт жасаттым. Осының бәрін жеңіп шығуыма Иса көмектесті.*

*Әсем ханым: Мені 18 жасымда танымайтын жігіт ауылға алып қашты. Көндім. Қалдым. Бірақ бақытты бола алмадым. Күйеуім ұрды-соқты. Шыдай алмай ажырастым. Білім ала алмадым. Солай жүргенде ауруға шалдықтым. Қиналдым. Дін туралы іздене бастадым. Сонда Исаның емші болғанын естідім. Дұға етсем мені де емдейтінін айтты. Содан шіркеулерге барып дұға ете бастадым.*

Жоғарыда зерттеуімізге қатысқан әйелдердің көбі дін ауыстырмай тұрып травма алуына себепкер болған ер адамдары туралы айтуда. Бұндай оқиғаларды бастан өткергендер тек қана күйеулерін ғана емес толық ұлтты жек көріп кетуі мүмкін. Тіпті дінін де. Сондықтан діни конверсия мен травма арасында байланыстың бар екенін көріп отырмыз.

Дін ауыстырғандардың дін ауыстыру жолдары әртүрлі. Христиан дініне қалай өттіңіз деген сұраққа респонденттеріміздің басым бөлігі сол дін өкілдерінің арқасында деп жауап берген болатын. Зерттеуге қатысқандардың тек 2% ғана ешкімнің көмегінсіз өзіміз ізденуіміздің арқасында деп жауап берсе, 20% жүрегімнің қалауы бойынша деп жауап берді. 72% христиан дінін ұстанушылардың арқасында деген жауапты айтқан болатын. Христиан мәдениетінің әсері деп те айтсақ болады. Христиан көршінің болуы, орыс достарының болуы сияқты қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынас да белгілі бір дәрежеде әсер етуі мүмкін. Әсіресе Солтүстік Қазақстан аймағында орыс мәдениетінің үстем болуынан әсерленген қазақтар кездеседі. Яғни

бұл жерде миссионерлердің өте жақсы жұмыс жүргізгендерін айтуға болады.

Айтып өтетін тағы бір маңызды мәселе үйлену арқылы да дін ауыстырып христиан болғандардың бар екендігі. Қазақ қызының орыс ұлтына күйеуге шығуы арқылы сол дінге өтуі бұған мысал бола алады. Неке мәселесі адамдардың діни конверсия жасауына әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Діндері басқа ұлттардың неке құрылуынан кейін жұбайының діни ерекшеліктері өзінікімен бірдей болғанын қалайды. Кейбіреулер үйленуге дейін, ал кейбіреулері үйленгеннен кейін діндерін ауыстырып бірдей қылып жатады. Бірақ бұл жерде әйел күйеуінің дінін қабылдай ма? Әлде күйеуі әйелінің дінін қабылдайды ма? Деген өзекті сұрақ туындауы мүмкін. Солсбери бұл мәселені өз зерттеулерінде қарастырған болатын. Солсберидің айтуынша діндерін сәйкестендіру процесінде, гендерлік рөлдері мен әлеуметтік статусы сияқты мәселелер маңызды рөл ойнайды [4, 125 б.]. Солсбери әйелдердің қоғамда ерлерге қарағанда азырақ рөл атқаратындықтан күйеуінің дініне көбірек кіреді деген қорытындыға келеді. Себебі күйеуі негізгі ақша табушы және отбасының басшысы ретінде өз дініне әйелін кіргізіп жатады. Сондықтан бұл мәселеде ерлердің үлесі көп екенін айтуға болады. Көп жағдайда орыс немесе христиан дінін ұстанаты ер адамға күйеуге шыққан қазақ қызы сол жұбайының дініне өтеді.

Діни конверсия жасауға әсер ететін факторлардың бірі немесе бернешеуі болуы мүмкін. Діни конверсия жасаған адамдардың оқиғалары да әртүрлі болуы мүмкін. Бұл туралы қаншама жыл зерттеу жүргізген Батыстық ғалымдар Грейл мен Рудидің айтуы бойынша дін ауыстырғандардың арасынан бәріне ортақ бірдей факторлардың болмайтындығын, тіпті оны іздеудің өзі дұрыс еместігін айтқан болатын [5, 21 б.]. Лофланд пен Старк болса әсер ететін негізгі факторлар туралы мүлдем дискуссия жасауға болмайтын тіпті дискуссия жасаудың дұрыс еместігін

айтқан еді. Бірақ әсер еткен негізгі факторлар мен мотивтердің зерттелуін өте маңызды деп атап айтқан. [6, 88 б.]. Сондықтан біздің зерттеуіміздегі респонденттерден де дін ауыстыруға әсер еткен негізгі факторды атап өтуі сұралған болатын. Тереңдетіліп алынған сұхбат нәтижелер бойынша діни конверсия жасаған қазақтардың басым бөлігі 44% христиандармен танысқаннан кейін дінін өзгертуге шешім қабылдағанын айтады. 24% дінге келудің негізгі факторы және шешім қабылдауда әсер еткен негізгі фактор «Киелі кітапты оқу және Раббыны тану» екенін айтса, Түс көрдім, аян келді дегендердің көрсеткіші 12%, 8% ешқандай фактор әсер етпегенін айтуда. Респонденттердің жауабы бойынша христиан дінін қабылдауда Киелі кітап және христиан дініндегі адамдармен әлеуметтік қарым-қатынастың қатты әсер еткендігі маңызды факторлардың бірі екені анықталып отыр.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, зерттеуіміздің жалпы нәтижесі ретінде Астана қаласындағы христиан болған қазақтардың діни конверсия жасауына ықпал еткен үш негізгі факторды атап өтсек болады: алғашқысы Қазақ руханияты мен діни мәдениеті туралы еш хабарының болмауы негізгі себептердің бірі. Мысалы діни конверсия жасаған қазақтардың 92% қазақтың діни мәдениеті және руханияты туралы еш хабары жоқ. Бұл

өте жоғарғы көрсеткішті көрсетіп отыр. Екінші себеп Христиан миссионерлерінің өте белсенді жұмыс атқарулары негізгі себептердің бірі ретінде көрсетуге болады. Әрбір дін ауыстырған кісінің діни конверсия жасауына әсер еткен факторлардың ішінде миссионерлермен танысқаннан кейінгі әсерлері де өз септігін тигізген. Өмірдің қиындықтарына ұшыраған адамдардың дағдарысты, күйзелісті, травмалық оқиғаларды бастан кешіруі үшінші негізгі фактор ретінде көрсетуге болады. Бұл жағдай әсіресе протестанттық ағымдарға өткен қазақтар арасында жиі кездеседі. Адамның діни конверсия жасауына сан түрлі себептер әсер етуі мүмкін. Бірақ қазақ қоғамында басты ерекше байқалғандар жоғарыда аталған факторлар. Бұл Астана қаласында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижесінде алынған қорытынды мәліметтер болатын.

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Kose A. Conversion to Islam: a study of native British converts. – Routledge, 1996.
- 2 Lewis R. Understanding Religious Conversion. - New Haven, 1993. – P. 5-6.
- 3 James W. The Varieties of Religious Experience // Amazon Distribution GmbH, 1961. – P. 160; 207.
- 4 Salisbury W.S. Religious Identification, Mixed Marriage And Conversion // *Journal For The Scientific Study of Religion*. – 1969. – P. 125-129.
- 5 Greil A. L., Rudy D. R. Conversion to the world view of Alcoholics Anonymous: A refinement of conversion theory // *Qualitative Sociology*. – 1983. – Т. 6. – №. 1. – P. 5-28.

### **АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТТАР**

*Қасқырбек Киікбайұлы Қалиев*

аға оқытушы, PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*Касқырбек Кикбаевич Қалиев*

старший преподаватель, PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

*Kaskyrbek Kaliyev*

Senior Lecturer, PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan